

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КеАҚ-тың
Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
Н.О. Дулатбеков

2022 ж. 30 қарашадағы № 7 хаттама



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың Әдеп жөніндегі кеңесі туралы ереже

Осы Ереже «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың (бұдан әрі - университет, қоғам) Әдеп жөніндегі кеңесінің мәртебесін, өкілеттіктерін, қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды, Әдеп жөніндегі кеңестің университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметімен өзара іс-қимылының тәртібін регламенттейді.

1. Жалпы ережелер

1.1. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың Әдеп жөніндегі кеңесі (бұдан әрі - Әдеп жөніндегі кеңес) университеттің еңбек тәртібін нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, Корпоративтік әдеп кодексін және Академиялық адалдық қағидаларын сақтау мәселелерін қарайтын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

1.2. Әдеп жөніндегі кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, осы Ережеге, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және заңдылық, объективтілік және әділдік қағидаттарын басшылыққа алады.

1.3. Әдеп жөніндегі кеңес сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын, Корпоративтік әдеп кодексін, Академиялық адалдық қағидаларын және Ішкі тәртіп ережелерін бұзуға жол берген университет қызметкерлеріне, профессор-оқытушылар құрамына, білім алушыларына қатысты тәртіптік істерді қарайды.

1.4. Әдеп жөніндегі кеңестің құрамы Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

2. Әдеп жөніндегі кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктері

2.1. Қоғамның Әдеп жөніндегі кеңесінің негізгі міндеттері:

- тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғатын Корпоративтік әдеп кодексін, Академиялық адалдық қағидаларын, Ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін осы Ереженің 1.3. тармақшасында көрсетілген тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы университет басшылығының қарауына ұсынымдар енгізу;

- еңбек тәртібін нығайтуға жауапты, сондай-ақ Ішкі тәртіп ережелерінің сақталуына бақылау жасайтын тұлғалар үшін еңбек тәртібін нығайту, осы Ереженің 1.3. тармақшасында көрсетілген тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және университеттің ішкі (жергілікті) актілерінің талаптарын сақтауы жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу;

- азаматтар мен ұйымдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын, Корпоративтік әдеп кодексін, Академиялық адалдық қағидаларын, Ішкі тәртіп ережелерін бұзу фактілері туралы өтініштерін, сондай-ақ сенім телефоны арқылы алынған хабарламаларды қарау.

2.2. Әдеп жөніндегі кеңес өз құзыреті шегінде:

- өз отырыстарында бөлімше басшыларын тыңдауға;
- университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінен қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпаратты сұратуға;
- осы Ереженің 1.3. тармақшасында көрсетілген тұлғалардан ауызша және жазбаша түсініктемелер талап етуге;

- осы Ереженің 1.3. тармақшасында көрсетілген тұлғалардың бұзушылық фактілері бойынша тексерулер жүргізу туралы университет басшылығына ұсыныстар енгізуге құқылы.

2.3. Әдеп жөніндегі кеңес пен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметтеріндегі өкілеттіктерді ажыратып саралау және қайталануды жою мақсатында Әдеп жөніндегі кеңес сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауға қатысты барлық мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (10.03.2022 ж. №2 хаттама) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы» ережені (бұдан әрі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже) басшылыққа ала отырып Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметімен өзара іс-қимыл жасайды.

2.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде және (немесе) құрылымдық бөлімшелердің мүдделі өкілдерінің және Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің қатысуымен қызметтік тексерулерді жүргізеді.

Қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері жұмыс тобының барлық мүшелері қол қоятын және қызметтік тергеп-тексеру материалдарымен бірге Басқарма Төрағасы-Ректордың қарауына ұсынылатын қорытынды түрінде ресімделеді.

2.5. Азаматтар мен ұйымдардың Корпоративтік әдеп кодексінің, Академиялық адалдық қағидаларының және Ішкі тәртіп ережелерінің нормалары мен талаптарын бұзу туралы өтініштерін, сондай-ақ сенім телефоны арқылы алынған хабарламаларды қараудың барлық фактілері туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереженің талаптарына және ішкі (жергілікті) нормативтік актілерге, құжаттарға сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне хабарланады.

3. Әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастыру

3.1. Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасын университеттің Басқарма Төрағасы - Ректор тағайындайды.

3.2. Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы:

- Басқарма Төрағасы - Ректордың қарауына және бекітуіне Әдеп жөніндегі кеңестің дербес құрамын енгізеді;

- Әдеп жөніндегі кеңестің қызметі мен оған басшылық етуді ұйымдастырады;

- Әдеп жөніндегі кеңес отырысының күн тәртібін айқындайды;

- Әдеп жөніндегі Кеңестің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді.

3.3. Әдеп жөніндегі кеңестің құрамын кеңестің төрағасы, мүшелері және хатшысы құрайды.

3.4. Әдеп жөніндегі кеңестің дербес құрамы Әдеп жөніндегі кеңес төрағасының ұсынысы бойынша Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.5. Әдеп жөніндегі кеңестің отырыстары:

- егер оларға мүшелердің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып саналады;

- қажеттілігіне қарай өткізіледі;

- ашық өткізіледі.

Қажет болған жағдайда, егер қаралатын мәселелер басқа адамдардың арнамысы мен қадір-қасиетін, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қозғаса немесе ашық отырысты өткізуге кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болса, онда Әдеп жөніндегі кеңес төрағасының шешімі бойынша жабық отырыстар өткізілуі мүмкін.

Әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері оның отырыстарына оларды ауыстыру құқығынсыз қатысады.

3.6. Әдеп жөніндегі кеңес отырысқа қатысып отырған мүшелердің санының қарапайым көпшілік дауысымен шешімдер қабылдайды. Дауыстар тең берілген кезде төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

3.7. Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында тәртіптік теріс қылық туралы материалдар қаралғанға дейін, алдын ала бір айдан аспайтын мерзім ішінде тексеру жүргізіледі, оның барысында іске қатысы бар мән-жайлар мен мәліметтер зерделенеді, Басқарма Төрағасы - Ректордың атына тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамдардың жазбаша түсіндірмелері талап етіледі.

3.8. Әдеп жөніндегі кеңестің хатшысы тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамдарды Әдеп жөніндегі кеңестің отырысы өткізілетін орын мен оның уақыты туралы хабардар ету жөнінде шаралар қабылдайды.

Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында тәртіптік теріс қылық туралы материалдарды қарау егер олар отырыс өткізілгенге дейін кемінде екі күн бұрын хабарланған болса тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамдардың қатысуынсыз өткізілуі мүмкін.

3.9. Әдеп жөніндегі кеңес, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы COMPLAINT-қызмет тәртіптік теріс қылық туралы материалдарды қарау қорытындысы бойынша төмендегі шешімдердің бірін шығара алады:

- университет басшылығына осы Ереженің 1.3. тармақшасында көрсетілген тұлғаларға тиісті тәртіптік жаза қолдануды ұсына алады;

- мәселені қарауды тоқтата алады.

3.10. Осы ереженің 1.3. тармақшасында көрсетілген тұлғалардың әрекеттерінде қылмыстық және (немесе) әкімшілік құқық бұзушылықтардың белгілері болған жағдайда Әдеп жөніндегі кеңес көрсетілген тұлғаларды заңды жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін құқық қорғау немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарға тиісті құжаттар мен материалдарды жібереді.

Әдеп жөніндегі кеңес материалдар мен құжаттарды құқық қорғау немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберу туралы университеттің басшылығына хабарлайды.

4. Әдеп жөніндегі кеңестің қызметін тоқтату

4.1. Әдеп жөніндегі кеңестің қызметін тоқтату:

- Басқарма Төрағасы - Ректордың бастамасы бойынша;
- Әдеп жөніндегі кеңестің бастамасы бойынша жүзеге асырылады.